

Көшелерді қайта атап туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданы Шахтерское ауылының әкімінің 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 2 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 9 қазанда № 4967 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңына және Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 9 тамыздағы қорытындысына сәйкес, Нұра ауданы Шахтерское ауылының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Нұра ауданы Шахтерское ауылының көшелері:
 - 1) Набережная көшесі Жағалау көшесіне;
 - 2) Целинная көшесі Тың көшесіне;
 - 3) Школьная көшесі Мектеп көшесіне;
 - 4) Строительная көшесі Құрылышшылар көшесіне;
 - 5) Степная көшесі Егінді көшесіне;
 - 6) Молодежная көшесі Жастар көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл әкімі

Г. Смагулова